

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2023 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 1092 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 желтоқсандағы № 1119 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2023 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 1092 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2023 жылға арналған жоспарында:

реттік нөмірі 24-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

24.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне д е н е шынықтыру және спорт, сондай-ақ нормалардың артық (ТСМ шамадан тыс) заңнамалық регламенттел у і н болдырмау бойынша өзгерістер м е н толықтырулар енгізу туралы	(ТСМ	қыркүйек	қазан	желтоқсан	С . М . Жарасбаев
-----	--	------	----------	-------	-----------	-------------------

"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов